

"Сейфуллин оқулары– 14: Жастар, ғылым, инновациялар: цифрландыру - жаңа даму кезеңі » атты Республикалық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары = Материалы Республиканской научно-теоретической конференции «Сейфуллинские чтения – 14: Молодежь, наука, инновации: цифровизация - новый этап развития». -2018. - Т.І, Ч.1. - Б.138-140

АСТАНА ҚАЛАСЫ «АСТАНАЭКОСТАНДАРТ» ЖШС ЖЫЛЫЖАЙ КЕШЕНІ ЖАҒДАЙЫНДА ҚИЯР ӨСІРУ ТЕХНОЛОГИЯСЫН ЖЕТІЛДІРУ ЖОЛДАРЫ

Жарылқасынов А.Е.

«Қазақстан 2050» ұлттық стратегиясы және «Агробизнес 2020» бағдарламасына сәйкес, Қазақстанның агроөнеркәсіптік кешенінің алдында жаңа технологиялар енгізу есебінде жылыжайларда өсірілетін экологиялық таза өнімдерді өндіру міндеті тұр.

Республикамыздың жылыжай құрылыстарын қайта салу және жаңарту үшін инвестициялық субсидиялау бағдарламасы барысында өнеркәсіптік жылыжай ғимараттарының ауданын ұлғайту арқылы жалпы өнімін 36 мың тоннадан (2012 ж.) 112 мың тоннаға дейін (2020 ж.) жеткізу жоспарлануда [1].

Қазақстанның ауыл шаруашылығы өндірісінің маңызды салаларына көкөніс шаруашылығы жатады. Бұл өсімдік шаруашылығының ерекше мамандандырылған және қарқындалатын саласы.

Жылыжайлар – ең жетілген өсіру құрылыстарының бірі, мұнда өсімдік тіршілігінің барлық себепшарттарын (факторларын), сондай-ақ өнімділікті де реттеуге болады. Жылыжайдың қорғаулы жердің басқа құрылыстарынан айырмашылығы барлық технологиялық үдерістерді механикаландырып қана қоймай, сонымен бірге автоматтандыруға да болады. Жылыжайдағы еңбек – өнеркәсіптік өндірістің бір түрі [2].

Жылыжай жағдайында ауыл шаруашылық өнімдерін өндіру қамтамасыз етеді: қауіпсіздікті, сапаны және жоғары өнімділікті. Жылыжайлардағы өндіріс бүкіл әлем бойынша өсіп келеді, бағалау бойынша, бес аймаққа 489,214 гектар жер бөлінді [3]. Қазақстанда соңғы жылдары жылыжайлардың көлемі едәуір үлкейген. ҚР АШМ мәліметтері бойынша қазіргі таңда жылыжай көкөністерінің аумағы 576 га құрайды. Оның ішінде 230 га жоғары технологиялы жылыжайлар болып табылады.

Қазіргі таңда жылыжай көкөністерінің жалпы өнімі 90 мың тоннаға жеткенімен, еліміздің ішкі қажеттілігін маусымаралық кезеңінде тек 67% қамтамасыз етеді. Мемлекет жылыжай шаруашылығының дамуына қажет қаржы бөлуде [4].

Көкөніс дақылдарының ішінде, әсіресе еліміздің оңтүстік және оңтүстік – шығыс аймақтарында, ашық алаңда да, жылыжайларда да аса кең тарағаны қияр көкөнісі болып табылады. Бұл дақылды өсіру ауданы ашық

алаңда 12-24 мың га (көкөніс дақылдары алқаптарының жалпы көлемінен 10-12%), ал жылыжайда 170 га құрайды. Қазақстанның оңтүстік-шығысында қияр өсіретін жабық танаптар (жылыжайлар мен пленкалы құрылыстар) көлемі шамамен 50 га құрайды [5].

Қияр – ежелгі көкөністік өсімдік, әлемнің барлық елдерінде өсіріледі. ТМД-да 220 мың га жерде өсіріледі. Ашық жердегі өнімділігі 100-120 ц/га, қорғаулы жерде орташа есеппен 16-20 кг/м², ал 50-60кг/м² мүмкін өнімділік.

Қазақстанда қиярды жуықтап 15 мың гектар жерде өсіреді. Негізгі егістік Алматы, Оңтүстік Қазақстан және Қызылорда облыстарында. Үй маңында барлық қияр егістігінің 77,8 % орналасқан [2].

Қияр – тез пісіп жетілуімен, жоғары өнімділігімен, пайдалығымен ерекшеленуі барысында жылыжайдың 50-70 пайызын алып отырған қолданыс аясы кең дақыл [6].

Қияр (*Cucumis sativus* L.) - бұл жылыжайда ең көп алынатын дақылдардың бірі, себебі ол жоғары өнімділік пен сапаны қамтамасыз етеді. Алайда қияр кейде өндірушілер үшін проблема тудыратын полиплоидті өсімдіктерді шығарады [7].

Бұл мақалада Астана қаласы «АстанаЭкоСтандарт» ЖШС жылыжай кешені жағдайында қияр өсіру технологиясын жетілдіру жолдары мақсатында жүргізілген зерттеулер нәтижесінде анықталады. «АстанаЭкоСтандарт» ЖШС жылыжай кешені жағдайында қияр өсіру кезіндегі агротехникалық шараларды дұрыс таңдау арқылы, себу мерзімі, мөлшері, ауыспалы егістерді және «АстанаЭкоСтандарт» ЖШС жағдайында қияр дақылын өсіру тиімділігі анықталады.

Астана қаласында жылына 1800 тонна қуаттылығы бар бір ғана жылыжай бар. «АСТАНАЭКОСТАНДАРТ» ЖШС жылыжай кешені - зияткерлік менеджмент жүйесін пайдалану арқылы бірегей технологиямен құрылған жоба. Қазақстан Республикасы Президенті 2009 жылғы 19 тамызда хаттамалық жиналыс шеңберінде бекітілген «АстанаЭкоСтандарт» ЖШС жылыжай кешені ретінде өз қызметін жүзеге асырып келеді. Мұнда жыл бойы өсімдік өнімдерін өсіру үшін табиғи микроклимат сақталады: үш гектар аумақта қызанақ пен қиярдың түрлі сорттары өсіріледі.

Зерттеу мақсатына сәйкес жылыжайда өсірілетін қиярдың өнімділігі мен сапасын арттыру және зиянкестерден қорғауда қауіпсіз тәсілдерді қолдану арқылы экологиялық таза өнім алуды қамтамасыз ететін кешенді агротехнологиялық тәсілдерді жетілдіру жұмыстары жүргізіледі. Республикамызда жылыжай көкөніс дақылдарын зиянды организмдерден биологиялық қорғау әдістері дамымағандығы, сонымен қатар пестицид қалдықтарымен ластанбаған экологиялық таза өнім алу қажеттілігі негізінде осы бағытта ғылыми зерттеулер жүргізу маңызды шарт болып табылады.

Әдебиеттер тізімі

1 «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты // Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. – 2012, 14-желтоқсан.

2 Щепетков Н.Г., Ысқақов М.А. Жеміс – көкөніс шаруашылығы оқулығы. Астана 2011ж.

3 Lino J. Ramírez-Pérez , América B. Morales-Díazb , Adalberto Benavides-Mendozaa , Karim De-Alba-Romenusc , Susana González-Moralesd , Antonio Juárez-Maldonadoe. Dynamic modeling of cucumber crop growth and uptake of N, P and K under greenhouse conditions

4 2010 жылғы 19 наурызда №958 Қазақстан Республикасы Президенті жарлығына сәйкес Қазақстан Республикасын индустриялық-инновациялық дамытудың 2010 - 2014 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы

5 2013 жылғы 18 ақпанда №151 жарлығына сәйкес ҚР Үкіметі бекіткен Қазақстан Республикасында агроөнеркәсіптік кешенді дамыту жөніндегі 2013-2020 жылдарға арналған "Агробизнес-2020" бағдарламасы.

6 Жаршы журналы. 2014 жыл

7 Axel O., Ramírez-Madera, Nathan D., Miller , Edgar P., Spalding., Yiqun Weng., Michael J., Havey. Spontaneous polyploidization in cucumber.

Ғылыми жетекші: а.ш.ғ.к., аға оқытушы Турбекова А.С.